

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 2 қыркүйек

Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы М.С. ӘШІМБАЕВ жүргізді.

ТӨРАҒА. Қайырлы күн, құрметті депутаттар және отырысқа қатысушылар! Баршаңызды көргеніме қуаныштымын. Парламенттің кезекті сессиясындағы Сенаттың алғашқы отырысын бастаймыз.

Депутаттардың тіркеуден өтулерін сұраймын. Тіркеу режимі қосылсын.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Қажетті кворум бар. Сенаттың отырысын ашық деп жариялаймын.

Құрметті сенаторлар! Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев жаңа парламенттік маусымның кезекті сессиясын ашып, халыққа арналған Жолдауын жариялады. Жолдауда ел дамуының басым бағыттары мен алдағы мақсат-міндеттер нақты айтылды. Парламенттің алдына бірқатар нақты заңнамалық міндеттер қойылды. Мұның бәрі қазақстандықтардың өмір сүру сапасын арттыруға және пандемиядан зардап шеккен бизнеске қолдау көрсетуге ықпал етеді.

Жолдауда әлеуметтік салаға баса мән берілгенін жақсы білесіздер. Соған сәйкес Мемлекет басшысының бастамасымен келесі жылдан бастап ең төменгі жалақы мөлшері ұлғаяды. Бұл шешім миллионнан астам қазақстандықтардың әл-ауқатын арттыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз. Сондай-ақ 2025 жылға дейін бюджет қызметкерлерінің жалақысы жыл сайын 20 пайызға өсіп отырады. Бұл шара мәдениет қызметкерлерін, мұрағатшыларды, қорықшыларды және бюджет саласындағы өзге де мамандарды қамтиды.

Еліміздегі өзекті проблемалардың бірі ауыз су мәселесі екені белгілі. Президентіміз осы мәселені шешу үшін Үкіметке нақты тапсырма берді. Соған сәйкес бес жыл ішінде су қоймаларын салу және қайта жаңарту арқылы халықты 100 пайыз таза ауызсумен қамтамасыз ету міндеті қойылды.

Мемлекеттің әлеуметтік саясатының бір басымдығы – тұрғын үймен қамтамасыз ету екені белгілі. Осы орайда Президентіміз зейнетақы жинақтарының бір бөлігін тұрғын үй сатып алу үшін «Отбасы банк» АҚ-ның шотына аударуға рұқсат беру қажеттігін атап өтті. Осындай бастамалардың бәрі заңнамалық тұрғыдан қолдауды қажет ететіні белгілі.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы ауыл-аймақтарды одан әрі дамыту мақсатымен жайылымдық жерлер мәселесіне ерекше назар аударды. Осыған орай Президентіміз қысқа мерзімде ауыл тұрғындарының мүдделерін ескеретін шешімдер қабылдау қажеттігіне назар аударды.

Жолдауда Үкімет әзірлеп жатқан Әлеуметтік кодекске қатысты тапсырмалар да берілді.

Денсаулық сақтау және білім беру жүйелерін қолдауды көздейтін жаңа шаралар белгіленді.

«Бизнестің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламалары бойынша тағы қосымша қаражат бөлінетін болады. Ол үшін қажетті заңнамалық өзгерістер де қабылданады.

Жыл соңына дейін Ұлттық қорды және бюджетті тиімді пайдалануды көздейтін қосымша заңнамалық түзетулерді де қабылдауымыз керек. Сонымен қатар ғылым саласын одан әрі дамыту мен қолдауға, активтерді тиімді пайдалануға, агломерацияны дамытуға арналған заңнамалық шешімдер қабылданады.

Саяси бағыттағы негізгі мақсат – азаматтардың орталық және жергілікті деңгейдегі шешім қабылдау процестеріне қатысуын қамтамасыз ету. Осы бағытта Мемлекет басшысы депутаттық мандаттарды бөлу кезінде ерекше қажеттілігі бар азаматтар үшін арнайы квота қарастыру қажет екенін айтты.

Жалпы, биылғы Жолдауды қоғамның алдағы реформалар бойынша сұрақтарына берілген нақты жауап деп қабылдаймыз. Алдағы уақытта Сенат Жолдауда белгіленген басымдықтарды заңнамалық тұрғыдан қамтамасыз ету үшін жүйелі әрі кешенді жұмыс жүргізеді. Бұл – біздің Палатаның басты міндеті. Сол себепті біз сарапшылар қауымдастығымен, қоғамдық институттармен және басқа да мүдделес тараптармен бірлесіп, белсенді жұмыс істеуіміз қажет. Сонымен қатар сіздер парламенттік каникул кезінде өңірлерде болып, халықпен, қоғамның беделді өкілдерімен және жергілікті билікпен кездесулер өткіздіңіздер. Сол кездесулерде көтерілген мәселелер де Палатаның жұмысында ескерілуі керек.

Құрметті әріптестер! Алдымызда ауқымды жұмыстар тұр. Президентіміз Парламенттің алдына бірқатар мақсаттар қойды. Бәріміз бірігіп, соларды нәтижелі іске асырамыз деп сенемін.

Құрметті депутаттар! Енді күн тәртібін бекітіп алайық. Күн тәртібінің жобасы сіздерде бар. Сұрақтарыңыз бар ма?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Олай болса, күн тәртібін дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Күн тәртібі бекітілді.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібінде бір мәселе бар. Ол – Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы.

Баяндама жасау үшін сөз Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі Рахымов Қайрат Болатұлына беріледі.

РАХЫМОВ Қ.Б. Қайырлы күн, құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті депутаттар! «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа

Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын сіздердің қарауларыңызға ұсынуға рұқсат етіңіздер.

Қырғызстан 2014 жылғы 23 желтоқсанда қол қойылған Қырғыз Республикасының қосылуы туралы шарт шеңберінде Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қосылды, оны Одаққа мүше барлық мемлекеттер ратификациялады және 2015 жылғы 12 тамызда Қырғызстан Одақтың толық құқылы мүшесі болды.

Одаққа мүше мемлекеттердің аумағы бойынша Қырғызстан тарапынан электр энергиясын мемлекетаралық берудің өзара қарым-қатынастарын реттеу шеңберінде хаттама әзірленді. Оның мақсаты Қырғыз Республикасының шартқа қосылуына байланысты Одақ елдері арасында электр энергиясын мемлекетаралық беруді жүзеге асыру әдіснамасын айқындау болып табылады.

Хаттама жобасы 2017 жылғы 13 қаңтарда Еуразиялық экономикалық одақ кеңесінің өкімімен мақұлданды.

Хаттаманы ратификациялау баға белгілеу мен тарифтік саясат негіздерін қоса алғанда электр энергетикасы саласындағы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтеріне қол жеткізуді қамтамасыз ету туралы хаттамаға Қырғыз Республикасының қосылуын ескере отырып, Одаққа мүше мемлекеттердің энергия жүйелерінің тиімді жұмыс істеу мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Құрметті Сенат депутаттары! Бүгінгі күні хаттаманы Армения, Беларусь, Қырғызстан және Ресей елдері ратификациялады.

Заң жобасын қабылдау теріс әлеуметтік-экономикалық және өзге де салдарға әкеп соқтырмайды, мемлекеттік бюджеттен қосымша шығыстарды талап етпейді.

Баяндама аяқталды. Назарларыңызға рақмет.

Қолдауларыңызды сұраймыз.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, сұрақтарыңыз бар ма?

Сөз депутат Нұрсипатов Нұржан Нұрланбекұлына беріледі.

НҰРСИПАТОВ Н.Н. Рақмет, құрметті Төраға.

Құрметті Қайрат Болатұлы! Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер қатар жұмыс істейтін электр энергетикалық жүйелер негізінде Одақтың жалпы электр энергетикалық нарығын 2025 жылға қарай кезең-кезеңімен қалыптастыруды жүзеге асырады.

Осыған байланысты сұрақ: Энергетика министрлігінде Одақтың жалпы электр энергетикалық нарығын құрудың Қазақстанның осы саладағы өз нарығына қаншалықты әсер ететіні жөнінде болжам және бағалау бар ма? Бұл біз үшін қаншалықты пайдалы және еліміздің энергетикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін бе?

Осыған қысқаша жауап берсеңіз. Рақмет.

РАХЫМОВ Қ.Б. Сұрағыңызға рақмет.

Одақтың ортақ электр энергетикалық нарығының артықшылығы оның электр энергиясының экспортын кеңейту. Бұл біріншіден. Екіншіден, тапшылық туындаған

жағдайда электр энергиясымен үздіксіз қамтамасыз ету. Үшіншіден, энергетикалық кәсіпорындарының бәсекелестігін арттыру және соның себебінен қорытындыларын жаңарту және тарифтерді төмендету, Одақ елдерінің энергия жүйелеріне кедергісіз қол жеткізуі болып табылады, яғни одақтың ортақ электр энергетикалық нарығын қалыптастырудың негізгі принциптері – біріншіден, өзара тиімді ынтымақтастық, екіншіден, мүше мемлекеттердің кез келгенінде экономиканы кеңейту және энергетикалық қауіпсіздікті ескере отырып сауданы жүзеге асыру.

Осы принциптердің негізінде Қазақстан тарапы Одақтың ортақ энергетикалық нарығын құру жөнінде нақты сұрақтар мен ұсыныстар енгізеді.

ТӨРАҒА. Жақсы, рақмет.

Слово предоставляется депутату Карплюку Сергею Алексеевичу.

КАРПЛЮК С.А. Спасибо, уважаемый Маулен Сагатханович.

Мой вопрос к докладчику. Не так давно в средствах массовой информации была публикация об имеющихся проблемах дефицита электроэнергии и назревающим энергетическом кризисе в Кыргызстане. В связи с чем Кыргызстан планировал увеличить импорт электроэнергии из соседних стран, в том числе из Казахстана.

Ответьте, пожалуйста, каково нынешнее состояние взаимной торговли электроэнергией между Казахстаном и Кыргызстаном? Как формируется цена поставки электроэнергии в Кыргызстан, и насколько это выгодно для нашей страны? Каковы объемы поставки в динамике за последние годы? Спасибо.

ТӨРАҒА. Қайрат Болатұлы, жауап беріңіз.

РАХЫМОВ Қ.Б. Спасибо за вопросы.

Как Вы знаете, больше 80 процентов всех генерируемых энергоресурсов Кыргызская Республика получает за счет использования гидродинамической энергии воды, то есть гидроэлектростанций.

К сожалению, эта большая проблема в последние годы наблюдается не только в Кыргызстане, но и нашу страну затронула, это маловодный цикл. Наши гидроэлектростанции на юге страны испытывают такие же проблемы, как и гидроэлектростанции Кыргызской Республики. В этой связи в прошлом году со стороны Кыргызстана был запрос о поддержке в качестве экспорта электроэнергии. Данный запрос был удовлетворен. И по итогам прошлого года 52 миллиона киловатт-часов было поставлено в Кыргызскую Республику со стороны «Самрук – Энерго» Казахстана.

Если сравнивать с экспортными поставками в Узбекистан, то цена была ниже, так как вопрос не стоял в коммерческих целях. При этом в начале текущего года руководство Министерства энергетики Кыргызской Республики в ходе посещения Казахстана выразило потребность в импорте казахстанской электроэнергии. Но цена, предложенная со стороны наших субъектов, не удовлетворила кыргызскую сторону, поэтому было предложено изменение ежегодной схемы товарообмена, который осуществляется с 2014 года. Весной казахстанская электроэнергия была поставлена в энергосистему

Кыргызстана. И в летний период попуска воды в сторону Казахстана было сопряжено с поставкой электроэнергии и мощности в казахстанскую энергосистему, которую мы завершили в августе.

Сейчас со стороны Кыргызской Республики вопрос не снят. Мы продолжаем проработку дополнительных поставок в счет будущих поставок электроэнергии, то есть возврата, с попусками воды в период 2022 –2023 годы. Спасибо.

ТӨРАҒА. Басқа сұрақтар жоқ. Рақмет.

Қайрат Болатұлы, орныңызға отырыңыз.

Қосымша баяндама жасау үшін сөз Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Мамытбеков Еділ Құламқадырұлына беріледі.

МАМЫТБЕКОВ Е.Қ. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Как отметил докладчик, главная цель законопроекта – ратификация протокола, которым устанавливается определение методологии осуществления межгосударственной передачи электрической энергии (мощности) между государствами-членами в связи с присоединением к Договору о ЕАЭС Кыргызской Республики.

Законопроект предусматривает поэтапное формирование общего электроэнергетического рынка ЕАЭС до 2025 года на основе параллельно работающих электроэнергетических систем с учетом приоритетного обеспечения электрической энергии внутренних потребителей государств-членов.

В целом это позволит повысить эффективность использования генерирующих и передающих мощностей, рост объемов взаимной и внешней торговли электроэнергией, расширить экспортный потенциал электроэнергии государств – членов ЕАЭС.

Надо отметить, что изменения носят технический характер. В частности, в пункте 2 статьи 82 договора определено, что в случае присоединения к Союзу новых членов в приложение № 21 вносятся соответствующие изменения. В данном приложении уже определена методология межгосударственной передачи электрической энергии (мощности) между Беларусью, Казахстаном и Россией.

Законопроектом определены организация, уполномоченная на осуществление межгосударственной передачи по управлению национальной электрической сети Кыргызстана, расчетная модель формирования тарифа на услуги по передаче электрической энергии по национальным электрическим сетям Кыргызской Республики в соответствии с национальным законодательством, включая вопросы регулирования ценообразования и тарифной политики.

Законопроект создает правовую основу для участия Кыргызстана в общем рынке электроэнергии ЕАЭС. По мнению Правительства, принятие законопроекта не повлечет отрицательных социально-экономических и иных последствий, не потребует дополнительных расходов из государственного бюджета.

Законопроект в целом я поддерживаю. Однако хотелось бы отметить следующие аспекты, которые со временем могут стать насущно проблемными.

Первое. Вчера в своем Послании народу Казахстана Касым-Жомарт Кемелевич Токаев отметил, что в нашей стране проблема экологии должна быть в основном фокусе внимания, что мир движется в сторону экологизации промышленности, экономики.

В этой связи следует отметить заключение Министерства экологии, геологии и природных ресурсов по законопроекту. Уполномоченный орган сообщает, что согласно Экологическому кодексу международные соглашения и протоколы не являются объектом рассмотрения государственной экологической экспертизы. Как следствие, они не дали свое экспертное заключение на данный законопроект по воздействию на окружающую среду в случае его принятия.

Следует отметить, что негативное влияние электричества на окружающую среду – это один из важных вопросов в энергетике. Кроме того, известно, что с ростом класса напряжения, дальности электропередач и плотности размещения ЛЭП усиливается их негативное воздействие на биологические и социальные сферы. В настоящее время в мировом научно-экспертном сообществе складывается устойчивое мнение о том, что одной из причин изменения климата является именно энергетика.

В этой связи не может не вызвать удивление тот факт, что уполномоченный орган хотя бы формально не упомянул об этих негативных воздействиях и не высказал предложения по их недопущению и принятию определенных мер по компенсации допускаемого ущерба экологии стран – участниц Договора о ЕАЭС.

В принципе, этот аспект может быть учтен в процессе совершенствования тарифообразования на общем электроэнергетическом рынке.

Второе. Определенные вопросы вызывает и сама методология расчетов тарифов, имея в виду соблюдение провозглашенного принципа равноправного участия в процессах формирования и функционирования единого электроэнергетического рынка Союза.

Действительно, тариф по территории Республики Беларусь предполагает дополнительный учет затрат на отчисления в инновационный фонд, по территории Российской Федерации – еще и затраты на генерацию и резервирование электроэнергии, в то время как по Республике Казахстан – всего лишь затраты на транспортировку, правда, с учетом прибыли. Получается, что Казахстану отведена всего лишь роль страны-транзита электроэнергии между Россией и Кыргызстаном.

На мой взгляд, полноценное участие шире и глубже, чем просто выполнение функций транзита.

Третье. Касательно координатора планирования. Согласно методологии осуществления межгосударственной передачи электрической энергии (мощности) между государствами – членами ЕАЭС в пункте 2.2.5 координатором планирования определен системный оператор ЕЭС России. При этом координатор планирования наделен большими функциями и полномочиями в отличие от системных операторов электроэнергетических систем государств-членов, в том числе годового, месячного, суточного и внутрисуточного планирования.

Из договора даже не следует принцип ротации координатора планирования, что полагаю не совсем верным. Возможно, в будущем надо рассмотреть вопрос о внесении изменений в Договор о ЕАЭС, где будет предусмотрен принцип ротации координатора, как в Комиссии ЕАЭС, например, с трехлетним периодом.

Четвертое. Практически все соглашения в рамках ЕАЭС мы ратифицируем практически без замечаний, они становятся законами, которые стоят выше национальных законов. Возникает вопрос: насколько все подобные соглашения подвергаются научно-методической экспертизе с нашей стороны? Вопрос не риторический, поскольку практика их рассмотрения в стенах Парламента показывает, что заключения казахстанских ответственных экспертных организаций, в том числе НПП «Атамекен», отраслевых ассоциаций и объединений зачастую носят формальный характер.

Надеемся, что в будущем уполномоченные органы и эксперты учтут высказанные выше замечания.

Уважаемые коллеги! От постоянных комитетов Сената по рассматриваемому законопроекту замечаний и предложений не поступило. Сегодня предлагаю данный законопроект одобрить.

Спасибо за внимание.

ТӨРАҒА. Рақмет, Еділ Құламқадырұлы.

Енді заң жобасын талқылауға көшейік.

Сөз депутат Сұлтанов Ерік Хамзаұлына беріледі.

СҰЛТАНОВ Е.Х. Рақмет.

Құрметті Мәулен Сағатханұлы, құрметті әріптестер! Алты жылдан астам уақыт бұрын құрылған Еуразиялық экономикалық одақ әлемдік ауқымдағы маңызды интеграциялық бірлестіктердің бірі болып табылады.

Бүгінде тауарлар, қызметтер, жұмыс күші мен капиталды еркін өткізу бойынша жүргізіліп жатқан ұжымдық жұмыстармен қатар энергетикалық ынтымақтастық ұзақ мерзімді жаңа перспективаларды ашады. Мәселен, қаралып отырған хаттаманы ратификациялау Одаққа мүше мемлекеттер арасында электр энергетикасы саласында тиімді өзара іс-қимыл жасауға мүмкіндік береді. Бұдан басқа Қырғыз Республикасының ортақ электр энергетикалық нарыққа қатысуы бойынша құқықтық негіз жасалатын болады.

Осының барлығы сайып келгенде Одаққа мүше мемлекеттердің тұрғындары мен шаруашылық жүргізуші субъектілері үшін электр энергиясының қолжетімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Құрметті әріптестер! Жоғарыда аталған заң жобасын толық қолдаймын, сондай-ақ барлығыңызды оны қолдауға шақырамын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Талқылауға қатысатын басқа депутаттар жоқ. Енді заң жобасы бойынша шешім қабылдайық.

«2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қабылдау

жөніндегі Сенат қаулысын дауысқа қоямын. Дауыс беру режимі қосылсын. Дауыс беріңіздер.

Нәтижесін экранда көрсетіңіздер. Заң қабылданды.

Құрметті әріптестер! Қабылданған өзгерістер Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттер арасында электр энергиясын жеткізудің жекелеген мәселелерін шешуге арналған. Алдағы уақытта бұл түзетулер ұйым аясында электр энергетикасы жүйесін тиімді пайдалануға оң септігін тигізеді деп сенеміз.

Осы мәселе бойынша шақырылған азаматтарға рақмет. Сау болыңыздар.

Құрметті депутаттар! Күн тәртібіндегі мәселе толық қаралып болды. Енді депутаттық сауалдарға көшейік.

Сөз депутат Бектаев Әли Әбдікәрімұлына беріледі.

БЕКТАЕВ Ә.Ә. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Премьер-Министрдің атына жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Биылғы жылғы мал азығының тапшылығы мен егіс өнімділігінің төмендігін қуаңшылық пен ауа-райының қолайсыздығымен ғана байланыстыру дұрыс болмайды деп есептейміз. Аграрлық сектор климаттық ахуалмен бірге агротехникалық нормалардың сақталуына, дақыл тұқымдарының сапасына және ауылшаруашылығы жерлері топырақтарының құнарлылығына тікелей байланысты өте күрделі сала.

Биылғы қуаңшылық осы саланың, агроөнеркәсіп кешенін дамыту бағдарламаларының осал тұстарын айқындап берді. Әсіресе топырақ сапасын сақтаудағы мемлекеттік саясаттың жоқтығын көрсетті.

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің мәліметі бойынша суармалы жерлер мен ондағы егіс алқаптарының деградациясы 10 пайызға, орман жерлері 8 пайызға жетіп отыр.

Ауыл маңындағы жерлерді бақылаусыз, жүйесіз пайдаланудың нәтижесінде еліміздің басты байлығы – жайылымдардың өзі 20-60 пайыздың аралығында тозған.

1990 жылдан бері ауыл шаруашылығы дақылдары егілетін алқап 40 пайызға, ал мал азығын өндіретін жерлер 70 пайызға қысқарған. Суармалы жерлердің оннан бір бөлігі құнарлылығын жоғалтқан, мелиоративтік жағдайының төмендеуінен 15 пайызы пайдаланудан шыққан. Жыл сайын 18 миллион гектар егістік жерлер жел және су эрозиясына шалдығуда.

Елімізде балл бонитеті 50-ден асатын құнарлы жерлердің ұдайы азаюы байқалады. Астық өндірісіне қолайлы деп есептелетін осындай алқаптардың көлемі 1991 жылдан бері 23 пайызға азайған.

Мемлекеттік агрохимия қызметінің мәліметі бойынша соңғы он жылда топырақтың барлық түрлерінде гумустың (қарашірік) көлемі 20,5 пайызға дейін кеміген. Топырағында құнды элементтері азайып, құнарлылығы нормадан едәуір төмендеген егіс алқаптарының көлемі 76,6 пайызға жетіп отыр. Егіс алқаптарында органикалық тыңайтқыштарды пайдалану жоқтың қасы деп айтуға болады. Соңғы он жылда 1 гектарға егілетін ауыл шаруашылығы дақылдарының минералды тыңайтқышқа деген биологиялық қажеттілігі 17 пайыз ғана өтелген.

Ауыл шаруашылығында пайдаланатын минералдық тыңайтқыштардың көпшілігі көрші мемлекеттерден импортталады. Ал Тараз қаласында орналасқан «Қазфосфат» АҚ-да шығарылатын тыңайтқыштардың үштен екі бөлігі экспортталатыны түсініксіз жағдай.

Кейбір өңірлерде жердің деградацияға ұшырағаны соншалық азғындалған телімдерде сор мен галофиттер көбейіп, Арал теңізіндегіндей тұздардың золдық көшуі орын алып жатыр. Аса алаңдататыны – жердің деградацияға ұшырау процесі табиғи ресурстарға бай Алматы, Жамбыл және Түркістан облыстарының өзінде орын алып отырғандығы. Астық бойынша өнімділігі жоғары деп есептелетін Қостанай, Ақмола өңірлерінде де құрғақшылық проблемасы күн тәртібінен түспейтін мәселеге айналды.

Қазақстан аграрлық секторындағы тауар өндірушілердің көпшілігінде жер көлемі аз. Сондықтан да ауылшаруашылығы жерлерінде ауыспалы егісті пайдалану 50 пайыздан аспайды. Көптеген шаруашылықтарда жер құнарлылығын арттыру бағытында жұмыс та, ынта да, мүмкіндік те жоқ.

Осыған орай Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың кешегі жариялаған Жолдауындағы аграрлық сектордың алдына қойған талаптарға сай топырақ сапасын жақсартудың әлемдік тәжірибесін ескере отырып, шұғыл шаралар қабылдау керек деп есептейміз.

Біріншіден, жаңадан қабылданып деп отырған «Ауылшаруашылығы саласын дамытудың 2021 – 2024 жылдарға арналған мемлекеттік жобасына» агросектордағы топырақты сақтаудың мемлекеттік саясатын қалыптастыратын нақты шараларды енгізу қажет деп есептейміз. Онда Қазақстандағы ауыл шаруашылығы жерлерінің топырағына агрохимиялық зерттеулер жүргізе отырып, оларды қалпына келтірудің кезең-кезеңге бөлінген жоспарын қалыптастырған маңызды.

Екіншіден, топырақ сапасының өзгеруін ғана емес, жалпы экологиялық жағдайды үнемі бақылап тұратын бірыңғай ақпараттық жүйелердің қалыптасуына мемлекеттік қолдау көрсету қажет. Осы орайда жер ресурстарын бақылауда цифрландыру мен космомониторинг жүйесінің ауқымын кеңейткен абзал.

Үшіншіден, топырақ құнарлылығын сақтамаған жер пайдаланушыларға салық саясаты арқылы ықпал етуге пәрмен беру керек.

Төртіншіден, дамыған мемлекеттердегідей ауыл шаруашылығы саласындағы жаңа жобаларды игеру кезінде оларды қаржыландыру немесе инвестициялық субсидия бөлу барысында жердің құнарлылығын сақтау міндеттемелерінің болуын талап еткен жөн.

Сонымен қатар орта және жоғары білім беру жүйесінде топырақ проблемалары мен оның сапасын жақсарту жолдары туралы арнайы бағдарламаларды енгізе отырып, мамандарды дайындайтын уақыт келді.

Осы ұсыныстарды қарап, қазіргі күні олардың мемлекеттік басқару жүйесінде қаншалықты орын алғаны туралы толық ақпарат беруіңізді өтінеміз.

Құрметпен, Аграрлық мәселелер, табиғатты пайдалану және ауылдық аймақтарды дамыту комитетінің депутаттары».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Нұржігітова Дана Өмірбайқызына беріледі.

НҰРЖІГТОВА Д.Ө. Рақмет, Мәулен Сағатханұлы.

Қайырлы күн, қымбатты әріптестер!

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі Асхат Қанатұлының назарына.

«Құрметті Асхат Қанатұлы! Өзімнің депутаттық сауалымда мемлекетіміздің білім беру мекемелеріндегі психологтар институтын дамыту, оларды кәсіби даярлау мәселесін көтермекпін.

Бүгін бір жарым жыл уақыттан кейін біздің оқушылармыз қашықтықтан оқыту тәсілінен дәстүрлі тәсілде білім алуға оралып, қайта партаға отырды. Балаларымыз енгізілген шектеулерге байланысты үй жағдайында сыныптастарымен қарым-қатынассыз уақыт өткізуге мәжбүр болды.

Осы жағдайды ескеріп, 2020 жылдың 1 қыркүйегінде Президент Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауында қашықтан оқыту ісін ұйымдастыруда жіберілген қателіктерді атап, санитарлық талаптарды сақтай отырып, білім алудың қалыптасқан дәстүрлі тәсіліне қайта көшудің тәртібін әзірлеуді тапсырған еді.

Эпидемиологиялық талаптарды сақтау үшін мектептерде тиісті жұмыстар жүргізілуі қажеттігін көріп отырмыз және оған барлық күш жұмылдырылып та жатыр. Ал енді білім алудың дәстүрлі тәсіліне көшкенде балаларымыздың психологиялық жағдайына ерекше назар аударуымыз қажет деп ойлаймын. Қазір кәсіби көмексіз және педагог-психологтардың қолдаусыз білім ордаларында оқу үдерісін қалыптастыру оңай болмайды. Өкінішке қарай, оқушыларымыз осынша уақыт аралығында виртуалды желі әлеміне еніп кетіп, тіпті бір-бірімен араласудан, тіл табысып, адами қарым-қатынас құрудан қалып барады.

Ақпараттық технологиялардан хабардар болу, сауатты болу бүгінгі заманның талабы. Алайда ақпараттың алапат ағымына тұншығып, балалық шақ, ата-анамен бала арасындағы байланыс үзіліп барады.

Әлемде болып жатқан қайғылы оқиғалар буыны қатпаған бала үшін ауыр психологиялық соққы. Сондай-ақ желіде отырған баланың барлығы бірдей кибербуллингтің не екенін, оны қалай анықтап, кімге шағымдану керектігін білмейді. Ал отбасында зорлық-зомбылық көріп өсіп жатқан балаға құқықтық көмекпен қатар психологиялық көмек тіпті де қажет.

Осы айтқан мәселелердің барлығы карантин жағдайында тіпті ушыға түсетіні айдан анық. Сондықтан мектептегі педагог-психологтардың жұмысын жандандыру үшін мемлекет тарапынан қолдау керек деп есептеймін.

Қазіргі жағдай мынандай: мектептердегі психологтар жұмысын ұйымдастыру деңгейі және ол жұмыстың сапасы, бұл қызметтің инфраструктуралық жағдайы әр өңірде әртүрлі. Бір сөзбен айтқанда жүйе жоқ.

Білім жүйесіндегі психологтардың мәртебесін, орнын, психологиялық қызмет жұмысының әдісін, тапсырмаларын, мақсаттарын анықтауда бірізділік жоқ. Өйткені «Білім туралы» Заңға сәйкес бұл тапсырмалар жергілікті органға жүктелген.

Жалақы мәселесіне келсек, 2019 жылдан бастап жалпы саны шамамен 7 мың педагог-психологтың еңбекақысы көтерілді. Алайда орта білім беру мекемелерінде 7-10 жылдық еңбек өтілі бар педагог-психолог бүгінде 70 мың теңге жалақы алады, ал ауылдық

жерлерде мұндай мамандардың жалақысы 30-50 пайызға көп деп айтқанымызбен, ол жердегі мектептерде сыныптар саны 15-тен төмен, яғни психолог-маманның жалақысы шамамен 50 мың теңге деген сөз. 15-тен астам сыныптары бар мектептер үшін педагог-психологтың бір ғана штаттық бірлігі бар. Ал 15-тен аз сыныптары бар мектептерге жарты ғана штаттық бірлік қарастырылған.

Салыстыра келсек, жеке кәсіпкер ретінде тіркеліп, қабылдау жүргізіп отырған психолог-маманның бір сағаттық кеңесінің құны орта есеппен 15 мың теңге. Ал мектеп психологтарының біліктілігін көтеру бүгінде мемлекет есебінен жүргізілмейді, әр психолог өздігінше ізденіп, оқуына қаржыны өз қалтасынан шығарып отыр. Педагогтар біліктілігін көтеру үшін қаржыны өз қалтасынан төлемеу керек. Кеше ғана осы мәселеге Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев тоқталды. Жолдауда: «Білім беру жүйесіне жігерлі әрі білікті мамандар қажет. Мұғалімдерді қазіргідей 5 жылда емес, 3 жылда бір рет қайта даярлықтан өткізуіміз керек деп санаймын. Өйткені олар шәкіртінің бойына жаңа білім сіңіре алатындай нағыз ағартушы болуға тиіс. Бұл ретте ұстаздардың курстан өтуі үшін өз қалтасынан ақша төлеуіне жол берілмейді» деді Президент.

Осы аталған мәселелер психолог-маманды мемлекет тарапынан ынталандыру арқылы, жүйелі қолдау арқылы шешіледі деп есептеймін.

Құрметті Асхат Қанатұлы! Ұлтымыздың психологиялық жағдайына назар аударып, болуы мүмкін моральдық-психологиялық дағдарыстардың алдын алу үшін мынандай мәселелерге назар аударуыңызды сұраймын:

білім ордаларындағы психологтар институтын қалыптастыруды, яғни мамандар қатарын көбейтіп, олардың біліктілігін артыру жұмысын ұйымдастыру;

саланы арнайы әдістемелік оқу-құралдарымен қамтамасыз ету арқылы бірізді жолға қою;

білім ордаларында жайлы психологиялық ахуал қалыптастыру үшін кешенді бағдарлама әзірлеу.

«Жаны саудың тәні сау» дейді халқымыз, оған қоса коронавирус індеті салдарының бірі психологиялық соққы екеніне де көзіміз жетіп отыр. Сондықтан менің айтып отырған мәселем – балаларды ғана емес, психологтар институты арқылы отбасындағы ахуалды, сондай-ақ жалпы ұлттың моральдық-психологиялық жағдайын сауықтыру.

Депутат Дана Нұржігітова». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Құртаев Әлімжан Сейітжанұлына беріледі.

ҚҰРТАЕВ Ә.С. Рақмет, құрметті Мәулен Сағатханұлы.

Біздің депутаттық сауалымыз Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Жақында депутаттық корпустың аймақтарда халықпен кездесулері өтіп, олардың көкейінде жүрген мәселелер көтерілген болатын. Соның бірі Түркістан облысы, киелі Отырардың қайта жаңғыруына қатысты.

Елбасы – Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың 2018 жылғы 19 маусымдағы Жарлығына сәйкес Шымкент қаласына

республикалық маңызы бар статус беріліп, Оңтүстік Қазақстан облысының атауы Түркістан облысына және оның орталығы Түркістан қаласына ауысуы тарихи шешім болды. Бұл тарихи шешім – ғасырлар бойы Қазақ хандығының және бүкіл түркі әлемінің саяси және рухани орталығы болған Түркістанның тарихы тереңде жатқан шаһар, Түркістан – күллі түркі халықтарына ортақ, әлемге әйгілі қасиетті де киелі мекен.

Елбасының көреген саясатының арқасында Түркістан 3 жыл ішінде адам танымастай өзгерді, қазіргі Түркістан жасарған, жаңарған қалаға айналды.

Түркістан мен Отырар егіз ұғым болып саналатыны мәлім. Сондықтан да қазіргі таңда Отырар мен Түркістанды бөле-жармай, қатар, бірге өркендету, көркейту қажет деп білеміз.

Отырар – әл-Фарабидей ғұламаның, Қажымұқандай балуанның, Шәмшідей сазгердің, Өзбекәлідей дананың қиялын көкке көтеріп, арманын аялаған жер. Отырар Түркістанмен қатар Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев айтқандай барша жұрттың құндылығына айналуы тиіс.

Елбасымыз Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаев 2005 жылғы 2 қыркүйекте Отырарға арнайы ат басын бұрды. Отырарды халықаралық туризм орталығына айналдырудың, осындағы Қызылқұм массивінің үшінші және төртінші кезеңін игерудің маңыздылығын атап көрсетті. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 30 қыркүйекте «Көне Отырарды қалпына келтірудің 2005 – 2009 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» туралы қаулысының шығуы да айтулы оқиға болды.

Алайда кейінгі кезде аталмыш қаулыға сәйкес Отырарды тарихи орталыққа айналдыру, оны дүниежүзілік туристік мәдени бағыт-бағдарда дамыту ісінің тоқтап қалуы Отырардың баға жетпес тарихи құндылықтарын бүкіл дүниежүзіне мақтанышпен таныстыратын күннің назардан тыс қалып бара жатқанын айқын көрсетеді. Жоғарыда көрсетілген бағдарламаның іске асырылуы тек қағаз жүзінде қалды.

Ықылым заманнан мәдениет пен өнердің, ынтымақ пен бірліктің сарқылмас көзі болып келе жатқан ежелгі Отырарды көркейту бүгінгі күннің көкейкесті мәселесі, басты міндеті деп білеміз.

Ел тарихын әйгілі тұлғалар арқылы тану мүмкіндігі енді ғана туа бастады. Солардың бірі де бірегейі әл-Фараби мен Қожа Ахмет Яссауи, Арыстанбаб бабаларымыз. Күллі әлемге белгілі, оларды әлем жұртшылығы тек қазақтың ғана емес, исі түркі халықтарының, барша мұсылман қауымының перзенті, ардақтысы деп те таниды. Ендеше бабалардың мәңгі мекеніне айналған киелі Отырар мен көне Түркістанды қатар көркейту мен гүлдендіру баршамыздың азаматтық борышымыз болмақ.

Қорыта айтқанда Отырар – тарихы-ұлттық тарихымыздың үгітілмейтін түйіршігі, жұлып тасталмайтын парағы. Отырар топырағы – өткеннің ерлігімен толыққан бүгінгінің көз қуанышы, келешектің мөлдір үміті. Ендеше кешегілерге сол үміт пен сенім өзек болып бастаған ұлы сұрлеудің сұлбасын аршып, асылымызды дәріптеп, жоғымызды жоқтайтын уақыт жетті.

Ел тәуелсіздігі отырарлықтардың бойына қуат, ойына шабыт беріп, ілгері мақсатқа жетелей түсуде. Алғашқы рухани бастауларына қайта оралуда. Мұның бәрі тәуелсіздігіміздің арқасында мүмкін болған рух азаттығының нәрлі жемісі деп білеміз.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Жоғарыда атап өткен киелі Отырардың дамуын қарқындатар жұмыстар жүргізілу керектігі айқын. Осы орайда Қазақстан Республикасының Үкіметі тарапынан өңірдің дамуына жағдай жасап, оның Түркістанмен қатар өркендеуіне ықпалын тигізетін «Түркістан облысын әлеуметтік-экономикалық дамытудың

2021 – 2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына» Отырарды дамыту бойынша арнайы бөлім енгізіп, оған қаржыландыру көзін қарастыруды жөн санаймыз.

Құрметпен, Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшелері». Рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Шелпеков Бақтыбай Ақбердіұлына беріледі.

ШЕЛПЕКОВ Б.А. Рақмет.

Менің депутаттық сауалым Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі Асқар Ұзақбайұлы Маминге жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Биылғы елдегі болған қуаңшылық батыс және оңтүстік облыстарындағы мал шаруашылығы саласына біраз қиыншылықтар туғызды. Дегенмен Үкіметтің тікелей араласып, ондаған миллиард қаржы бөлуі нәтижесінде бұл жағдайдың тұрақталуына қол жеткізілді. Әйтсе де әлі күнге дейін облыс әкімдері мен аудан әкімдері мал шаруашылығын жем-шөппен қамтамасыз етумен айналасуын тоқтатқан жоқ, себебі бұл мәселе оңай шешілетін шаруа емес.

Қазіргі мезгілде жем-шөптің темір жол арқылы шалғай облыстардан жеткізілуінің қымбат түсуіне байланысты субсидия арқылы арзандатылуда.

Осындай шешімге миллиардтаған қаржы жұмсалуда. Бірақ бұл әр жыл сайын қолданатын ұтқыр қадам емес, алдағы көп жылдарға есептелген тиімді де жүйелі шешім қабылдауды қажет етеді.

Өткен тамыз айындағы іссапарымызда Маңғыстау облысының мал шаруашылығы саласында жүрген кәсіпкерлермен және ауыл тұрғындарымен кездесулерде олар жем-шөп тасудың экономикалық тиімді логистикасын құру туралы мәселенің жүйелі шешілуіне ықпал етуді сұрады. Әрине, бұл ұсыныстардың ұтымды шешімі қайта айналып, көптеген жылдар ескерілмей келе жатқан «Бейнеу – Шалқар» автомобиль жолын салу мәселесіне әкеліп тіреледі. Егер осы уақыттағы тас жол іске қосылған жағдайда облыстағы мал шаруашылығы саласында жүрген барлық кәсіпкерлер мен фермерлерге мал азығын қамтамасыз етуді өз күштерімен және өз көліктерімен тасымалдауға мүмкіндік туғызып қана қоймай, мал азығы шығындарының құнын да азайтушы еді.

Қыстың қамын жазда ойла демекші, алдағы уақытта Маңғыстау өңірі тұрғындары үшін осы мәселені шешудегі бірден-бір ұтымды бағыт – аталған тас жолды салу болып отыр.

Осы жоба игерілсе елдегі ең ірі «Қытай - Батыс Еуропа» дәлізі арқылы өтетін жүк тасымалының Ақтаудағы Құрық теңіз портына баратын жолы да кемінде 1 мың шақырымға қысқартылып, өндіріс орындарының, шағын және орта бизнестің ауқымын кеңейткен болар еді.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! «Бейнеу – Шалқар» тас жолы құрылысын салу жобасын Үкіметтің инфраструктуралық бағдарламасына енгізуді сұраймыз.

Құрметпен, Сенат депутаттары Шелпеков, Алдашев».

ТӨРАҒА. Рақмет.

Сөз депутат Сүлеймен Ләззат Жаңылысқызына беріледі.

СҮЛЕЙМЕН Л.Ж. Құрметті Төраға, қадірлі депутаттар! Біздің сауалымыз Үкімет басшысына жолданады.

«Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Президент Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев 1 қыркүйек күні Қазақстан халқына Жолдауында көтерген мемлекет дамуы үшін аса маңызды мәселелердің қатарында «Қазақстан – әлеуметтік мемлекет. Сондықтан қиын жағдайға тап болған азаматтарға жан-жақты көсек көрсету – басты міндеттердің бірі» екенін айтты.

2020 жылғы 16 қазандағы азаматтардың жеткілікті тұрғын үй құқығына қатысты сауалымызға біздің ойымызша Үкімет жауабында негізделген ұстаным болмағандықтан көтерілген мәселелерді қайталап қойып отырмыз.

1. Қазақстан Республикасы Конституциялық Кеңесінің қаулысына сәйкес «Тұрғын үй қатынастары туралы» Заңның 107-бабының 8) тармақшасының конституциялық емес деп танылуы, заңға тиісті өзгерістер енгізу туралы ұсынысының ашық күйінде қалып отыруы.

Қазір мемлекеттік тұрғын үйде тұратын отбасы мүшесінің бірі үй алса барлық отбасын үйден шығаруға жол беріледі, олардың мұқтаждық дәрежесі есепке алынбайды. Бұл мәселе үлкен отбасылар үшін өзекті.

2. Азаматтарды жалғыз тұрғын үйден шығару негіздері.

Соңғы бес жыл ішінде сот органдары тиісті негіздермен адамдарды алған үйінен мәжбүрлеп көшіру туралы 5 мың 398 істі қанағаттандырды.

2021 жылдың 6 айында 415 іс қанағаттандырылды, оның ішінде жеті отбасына баламалы тұрғын үй берілді.

2020 жылы коронавирустық пандемияның таралу шыңында 866 отбасы үйінен мәжбүрлеп шығарылды және тек 10 отбасы ғана балама баспана алды.

Осы топтың ішінен әлеуметтік осал категорияның статистикасы жеке жүргізілмейді. Ал азаматтардың осал санатын жалғыз тұрғын үйден шығару әлеуметтік мемлекет құру мақсаттарына қайшы келетіні түсінікті. Сол себепті сенаторлар ұсынған баламалы тұрғын үй беру тетігін енгізуді сатып алу құқығынсыз жалға берілетін тұрғын үй алатындар санатында осы категорияны да есепке алу қажет.

3. Жеңілдетілген ипотекалық несиелендірудің мемлекеттік бағдарламаларын кеңейту турлы ұсыныстарымыз.

Бұл орайда Президент Тоқаев «тұрғын үй азаматтарымыз үшін қашан да басты мәселе, осыған орай бірыңғай тұрғын үй бағдарламасы әзірленетін болады» – деді Жолдауда.

Сайлаушылармен кездесулерде азаматтар, сарапшылар банктердің ипотекалық өнімдерінің одан әрі қымбаттау мүмкіндігі туралы алаңдаушылығын жеткізді. Бұл мәселе

ең алдымен 100-200 мың жалақы алатын, тұрғын үйге өз қаражатымен қол жеткізуге ұмтылып отырған азаматтар, әсіресе жастар үшін маңызды. Жаңа бағдарламада несиелік шарттары оларға қолжетімді болуы тиіс.

Тағы үш мәселеге назар аударған жөн.

«Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жаңа құрылыстардың сапасына азаматтар тарапынан шағымдар саны өсуде. Осы орайда:

1) құрылыс қызметін лицензиялау саласын жетілдіруді;

2) көп пәтерлі тұрғын үй үшін кепілдік мерзімін 2 жылдан 4-5 жылға дейін ұлғайтуды;

3) өңірлерде салынып жатқан қолжетімді әлеуметтік тұрғын үй құрылысының сапасына орталықтандырылған, республикалық деңгейде бірыңғай бақылау қоюды ұсынамыз.

Келесі мәселе қандастардың Қазақстан Республикасының азаматтығын алуы нәтижесінде тұрғын үй кезегінен шығарылуы турасында. Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің мәліметінше бүгінгі таңда қандас мәртебесі бар 1 мың 448 адам тұрғын үй кезегінде тұр. Өткен 5 жылда 131 қандасқа тұрғын үй берілді. 864 адам кезектен шығарылды, оның ішінде 485 қандас тұрғын үй алу үшін негіздердің болмауы себебінен шығарылды. Сол негіздердің бірі – олардың Қазақстанның азаматтығын алуы.

Бұл қайшылықтың еңсерілуі – қандастарымыздың республика азаматтығын алғаннан кейін тұрған кезектері шартсыз сақталуы тиіс.

Соңғы мәселе - жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың бірінші кезекте тұрғын үй алу құқығын іске асыруындағы проблемалар.

Салалық министрліктердің ақпараттарына сәйкес 2020 жылы тұрғын үй кезегінде 59 мың 406 жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалар тұрды. Жыл сайын кепілді тұрғын үй алу құқығына олардың 2,5 пайызының ғана қолы жетіп отыр.

Құрметті Асқар Ұзақбайұлы! Көтерілген мәселелер мемлекеттің әлеуметтік саясатындағы жүйелі олқылықтар болып табылады және Президент айтқандай мемлекеттен ала берсем дейтіндердің жетегінде кетпей, осы әлеуметтік қолдаудың нағыз мұқтаж адамдарға жетуінің нақты механизмін Үкімет толыққанды қарастыруы тиіс деп есептейміз.

Депутаттық сауалдың толық мәтіні 7 беттен тұрады. Сауалға заңнамаға сәйкес жауап беруді сұраймыз.

Құрметпен, Сенат Төрағасының Орынбасары Асқар Шәкіров, депутат Ләззат Сүлеймен».

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Құрметті әріптестер! Басқа депутаттық сауалдар жоқ.

Енді бір мәселені ақылдасып алсақ. Жамбыл облысының Байзақ ауданында болған төтенше жағдай бәріміздің қабырғамызды қайыстырды.

Бүгінгі күні Президентіміздің тапсырмасымен жарылыс салдарынан қаза болған азаматтардың отбасыларына және зардап шеккен адамдарға көмек көрсетілуде. Осыған

орай Сенат депутаттарының бір күндік жалақысын Зардап шеккендерді қолдауға арналған қорға аудару туралы ұсыныс бар.

Құрметті әріптестер, қарсылық жоқ па?

ОРНЫНАН. Жоқ.

ТӨРАҒА. Рақмет.

Олай болса, осы ұсынысты қабылдаймыз. Аппарат тиісті жұмыстарды ұйымдастырады.

Құрметті әріптестер, осымен Сенат отырысын жабық деп жариялаймын.

Баршаңызға рақмет. Сау болыңыздар.

ОТЫРЫСТЫҢ СОҢЫ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ
СЕНАТЫНЫҢ ТӨРАҒАСЫ

М. ӘШІМБАЕВ

МАЗМҰНЫ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПАРЛАМЕНТІ

СЕНАТЫНЫҢ ОТЫРЫСЫ

2021 жылғы 2 қыркүйек

Күн тәртібі бойынша

О повестке дня 1

Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі мақұлдаған «2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа Қырғыз Республикасының қосылуына байланысты оған өзгерістер енгізу туралы хаттаманы ратификациялау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде

О проекте Закона Республики Казахстан «О ратификации Протокола о внесении изменений в Договор о Евразийском экономическом союзе от 29 мая 2014 года в связи с присоединением к нему Кыргызской Республики», одобренном Мажилисом Парламента Республики Казахстан

**Қазақстан Республикасының Энергетика вице-министрі
Қ.Б. РАХЫМОВТЫҢ баяндамасы**

Доклад вице-министра энергетики Республики Казахстан РАХЫМОВА К.Б. 2

Сөз сөйлегендер:

Выступили:

НҰРСИПАТОВ Н.Н. 3

КАРПЛЮК С.А. 4

Экономикалық саясат, инновациялық даму және кәсіпкерлік комитетінің мүшесі Е.Қ. МАМЫТБЕКОВТИҢ қосымша баяндамасы

Содоклад члена Комитета по экономической политике, инновационному развитию и предпринимательству МАМЫТБЕКОВА Е.К. 5

Сөз сөйлеген:

Выступил:

СҰЛТАНОВ Е.Х. 7

Депутат Ә.Ә. БЕКТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата БЕКТАЕВА А.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 8

Депутат Д.Ө. НҰРЖІГІТОВАНЫҢ Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрі А.Қ. Аймағамбетовке депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата НУРЖИГИТОВОЙ Д.О. к Министру образования и науки Республики Казахстан Аймағамбетову А.К. 10

Депутат Ә.С. ҚҰРТАЕВТЫҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата КУРТАЕВА А.С. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 11

Депутат Б.А. ШЕЛПЕКОВТИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата ЧЕЛПЕКОВА Б.А. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 13

Депутат Л.Ж. СҮЛЕЙМЕННИҢ Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі А.Ұ. Маминге депутаттық сауалы

Депутатский запрос депутата СУЛЕЙМЕН Л.Ж. к Премьер-Министру Республики Казахстан Мамину А.У. 14

ШЖҚ-дағы "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету басқармасының инженерлік орталығы" РМК директоры



А. Құсайынов

Стенографиялау қызметінің жетекші редакторы



И. Шыныбаева